

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 417 қаулысы

Қазақстан Республикасының тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар:

1) Кешенді жоспардың тиісінше және уактылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 15 шілдеге және 15 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 1 тамызға және 1 ақпанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Кешенді жоспардың орындалуына жауапкершілік:

1) облыстарда, Астана және Алматы қалаларында осы салаға жетекшілік ететін әкім орындарына;

2) орталық атқарушы органдарда осы салаға жетекшілік ететін мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасарларына жүктелсін.

5. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін қолдау мен дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын (жол картасы) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 226-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Ақпаратты ұсыну мерзімі	Болжанатын шығыстар (млн. теңге)	Қар көзі
1	2	3	4	5	6	7
Басым бағыттар бойынша қолдау шаралары						
1. Сүт өңдеу						
1.	Қолданыстағы сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарына техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
2.	Сүт өңдеу кәсіпорындарының қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілгенін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізаты шоғырланған аймақта жаңа кәсіпорындар салу қажеттілігін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
3.	Осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес сүтті терең қайта өңдеу көлемін ұлғайту	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес – 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюл
4.	Сүт өңдеу кәсіпорындарының терең қайта өңдеу өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу шығындарын субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «ҚАИ» (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
			Облыстардың, Астана және			

5.	Инвестициялық салымдар кезінде сүт өңдеу кәсіпорындары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	А л м а т ы қалаларының әкімдіктері, «Қазагроомаркетинг» АҚ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
6.	Сүт өңдеу кәсіпорындарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және А л м а т ы қалаларының әкімдіктері	2014-2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
7.	Сүт және сүт өнімдеріндегі құрғақ сүт пен өсімдік майларын анықтау үшін қажетті бақылау әдістеріне арналған ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту	ИТЖМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Ү д е м е л і индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресг бюл
8.	Сүт өнімдерінің сәйкестігін растаумен айналысатын СРО және СЗ аккредиттеу саласын сәйкестендіруді зертханалық міндетті түрде жүргізу жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде қайта қарау мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	

2. Ет өңдеу

9.	Қолданыстағы ет өңдеу кәсіпорындарына техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және А л м а т ы қалаларының әкімдіктері, ҰҚП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
10.	Қолданыстағы ет өңдеу кәсіпорындарының қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізаты шоғырланған аймақта жаңа кәсіпорындар салу қажеттілігін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және А л м а т ы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
		АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және	2014 – 2015 жылдардағы		

11	Осы Жоспарға 2-қосымшаға сәйкес ет өңдеу көлемін ұлғайту		Алматы қалаларының әкімдіктері	шілде, қаңтар		
12	Инвестициялық салымдар кезінде етті өңдеу кәсіпорындары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «Қазақромаркетинг» АҚ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
13	Ет өңдеу кәсіпорындарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге есеп	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
14	Ет өнімдерінің жасанды етілуін айқындау әдістеріне арналған ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту	ИТЖМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), «Ет-сүт одағы» ЗТБ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
15	Ет өнімдерінің сәйкестігін растаумен айналысатын СРО және СЗ аккредиттеу саласын зертханалық сәйкестендіруді міндетті түрде жүргізу жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде қайта қарау мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИЖТМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	

3. Жемістер мен көкөністерді өңдеу

16	Қолданыстағы жеміс пен көкөніс өңдеу кәсіпорындарына техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
17	Қолданыстағы жеміс пен көкөніс өңдеу кәсіпорындарының қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізаты шоғырланған аймақта жаңа кәсіпорындар салу қажеттілігін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	

18	Осы Жоспарға 3, 4-қосымшаларға сәйкес жеміс пен көкөністі өңдеу көлемін ұлғайту	АШМ-ге есеп	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
19	Инвестициялық салымдар кезінде жеміс-көкөніс консервілеу кәсіпорындары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «Қазагроомаркетинг» АҚ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
20	Жеміс-көкөніс консервілеу кәсіпорындарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
21	Өңделген жеміс пен көкөніс өнімдерінің жасанды етілуін айқындау әдістеріне ұлттық стандарттар әзірлеу және бекіту	ИТЖМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), ҰКП (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Ү д е м е л і индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
22	Жеміс пен көкөніс өңдеу өнімдерінің сәйкестігін растаумен айналысатын СРО және СЗ аккредиттеу саласын зертханалық сәйкестендіруді міндетті түрде жүргізу жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде қайта қарау мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
23	Қазақстан Республикасына жеміс-көкөніс консервілерін әкелуге арналған импорттық кедендік баждарды ұлғайту жөніндегі мәселені пысықтау	ЕЭК ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ, Қаржымині, ҰКП (келісім бойынша)	2014 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	

4. Астықты терең қайта өңдеу

24	Қолданыстағы астықты терең қайта өңдеу кәсіпорындарына техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
			Облыстардың, Астана және			

25	Инвестициялық салымдар кезінде астықты терең өңдеу кәсіпорындары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге акпарат	Алматы қалаларының әкімдіктері, «Қазагромаркетинг» АҚ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
26	Астықты терең қайта өңдеу кәсіпорындарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге акпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
27	Қазақстан ұнының импортына шектеу әсерін тигізетін кедергілерді алып тастау жөніндегі шаралар қолдану: 1) Өзбекстан Республикасында ұн импортына салынатын акциздік салықтың күшін жою; 2) Ауғанстан Ислам Республикасына әкелінетін бидай ұнына кедендік алымдардың күшін жою немесе төмендету; 3) Қырғызстан Республикасына ұн әкелуге салынатын қорғау баждарының күшін жою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	СІМ (жинақтау), ЭБЖМ, АШМ	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Талап етілмейді	
28	ҚХР-мен Қазақстан ұнының импортына квота алу жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), ЭБЖМ, СІМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	

5. Қант өндірісі

29	Қолданыстағы қант өндіретін кәсіпорындарға техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
30	Қолданыстағы қант зауыттарының қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	

31	Осы Жоспарға 5-қосымшаға сәйкес қант өндірісінің көлемін ұлғайту	АШМ-ге ақпарат	Алматы, Жамбыл облыстарының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
32	Инвестициялық салымдар кезінде қант зауыттары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «Қазагроменаркетинг» АҚ (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюл
33	Қант зауыттарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
34	Қантқа қатысты арнайы қорғау шараларын қолдану және енгізу қажеттілігі мәселесін пысықтау	ЕЭК-ке ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ	2014 жылғы қазан	Талап етілмейді	

6. Май-тоң май өнімдерін өндіру

35	Қолданыстағы май-тоң май өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
36	Қолданыстағы май-тоң май өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО, «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
37	Осы Жоспарға 6-қосымшаға сәйкес май-тоң май өнеркәсібі өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылғы шілде, қаңтар		
38	Инвестициялық салымдар кезінде май-тоң май өнімдерін өндіретін кәсіпорындар шеккен	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «Қазагроменаркетинг»	2014 – 2015 жылдардағы		

	шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету		» АҚ (келісім бойынша)	шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюл
39	Май-тоң май өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
40	Май-тоң май өнімдерінің жасанды етілуін айқындау әдістеріне ұлттық стандарттар әзірлеу және бекіту	ИТЖМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), ҰКП (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Ү д е м е л і индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюл
41	Май-тоң май өнімдерінің сәйкестігін растаумен айналысатын СРО және СЗ аккредиттеу саласын зертханалық сәйкестендіруді міндетті түрде жүргізу жөніндегі талаптарды енгізу бөлігінде қайта қарау мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИЖТМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	

7. Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін бастапқы өңдеу

42	Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін бастапқы өңдеу кәсіпорындарына техникалық аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша), АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
43	Жұмыс істеп тұрған қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын барынша жүктеу және бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізаты шоғырланған аймақта жаңа кәсіпорындар салу қажеттілігін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, АӨКЭСТО (келісім бойынша), «ҚАИ» АҚ (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	

44	Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін бастапқы өңдеу көлемін ұлғайту	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Агробизнес - 2020 бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюд
45	Инвестициялық салымдар кезінде тері мен жүнді бастапқы өңдеу кәсіпорындары шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауды қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
46	Тері мен жүнді бастапқы өңдеу кәсіпорындарына технологиялық жабдықтардың кредиттері мен лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуді қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар		
47	Теріні өңдеуге арналған химикаттарға импорттық баждарды төмендету мәселесін пысықтау	ЕЭК ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ, ИЖТМ, Қаржымині	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
48	Ірі қара мал терісін сыртқа әкетуге уақытша тыйым салуды енгізудің орындылығы мәселесін пысықтау	ВАК шешімі	ЭБЖМ (жинақтау), ИЖТМ, АШМ	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
49	Биязы жүнді сыртқа әкетуге уақытша тыйым салуды енгізудің орындылығы мәселесін пысықтау	ВАК шешімі	ЭБЖМ (жинақтау), АШМ, ИЖТМ, Қаржымині	2014 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	

Жалпы сипаттағы қолдау шаралары

50	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік өндірісінен алынған жеке тұлғалардың кірістерді төлеу көзі жеке табыс салығын салудан босату бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, АШМ, ҰКП (келісім бойынша)	2014 жылғы мамыр	Талап етілмейді	
51	Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеушілер үшін «алғашқы» ҚҚС проблемаларын шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, АШМ, ҰКП (келісім бойынша)	2014 жылғы мамыр	Талап етілмейді	
52	Қайта өңдеу кәсіпорындарын инженерлік инфрақұрылымның қажетті объектілерімен қамтамасыз ету	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ӨДМ, ЭБЖМ	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат шегінде	Ресі бюд
53	Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін қажетті ыдыс-орама және қосалқы материалдар өндіретін	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс	ИЖТМ (жинақтау), АШМ, облыстардың, Астана және	2014 жылғы шілде		

	зауыттар салу мәселесін пысықтау		Алматы қалаларының әкімдіктері		Талап етілмейді	
54	«Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту» мастер-жоспарының көрсеткіштерін Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісіп, оларды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының аумақтарын дамыту бағдарламаларына енгізу	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ЭБЖМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
55	«Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту» мастер-жоспарын іске асыру жөніндегі өңірлік жұмыс топтарын (әкімдік жанындағы консультативтік-кеңесші органдар) құру	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
Отандық тамақ өнімдерін ілгерілетуге жәрдемдесу						
56	Бақылаудағы объектілердің (сүт, ет, астық, қант, май-тоң май өнімдерін, тері мен жүнді өңдейтін кәсіпорындар) санитариялық-техникалық жай-күйі бойынша мәліметтер ұсыну	АШМ-ге ақпарат	ТҚҚА	2014 жылғы қыркүйек	Талап етілмейді	
57	Таяу және алыс шет елдерінен азық-түлік тауарларының импорттық жеткізілімдерінің көлемін ұлғайту фактілерін анықтау тұрғысында тауарлық нарықтар мониторингін жүргізу	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ (жинақтау), Қаржымині, СА, ҰКП (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы қыркүйек, наурыз	Талап етілмейді	
58	Кеден одағының бірыңғай кеден аумағына үшінші елдерден әкелінетін тауарлар импортына қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемдік шараларды қолдану мақсатында тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы қоғамдық бірлестіктер, кәсіпорындар, тауар өндірушілер арасында кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу, сондай-ақ тергеу шаралары жөніндегі ұсыныстарды бастамашылық ету рәсімдері бойынша түсіндірулер жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), ЭБЖМ, ҰКП (келісім бойынша)	ақпан жыл сайын	Талап етілмейді	
	Қазақстандық тұтынушыларды отандық тамақ өнімдеріне қайта бағыттауға бағытталған		БАА	2014 – 2015 жылдардағы		

59	телебағдарламалардың трансляциясын жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп		шілде, қаңтар	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға бөлінген қаражат шегінде	Ресі бюл
60	Қазақстандық өнімдердің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-насихаттау іс-шараларының жоспарын әзірлеу және бекіту	БАА мен АШМ бірлескен бұйрығы	БАА (жинақтау), АШМ	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
61	Тұрақты негізде әлеуметтік-профилактикалық іс-шараларды іске асыру (мектеп мәзіріне дәруменді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерін қосу)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Талап етілмейді	

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау жүйесін практикалық і қамтамасыз ету

62	Нарық субъектілерінің үстемдік жағдайын (оның ішінде импорттаушыларға қатысты) асыра пайдаланудың, бәсекелестікке қарсы келісімдер мен келісілген іс-қимылдардың, сондай-ақ жосықсыз бәсекелестіктің анықталған фактілері бойынша монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	БҚА	2014 – 2015 жылдардағы шілде, қаңтар	Талап етілмейді	
63	Техникалық регламенттердің, оның ішінде тамақ өнімдерін сәйкестендіру жөніндегі талаптарды орындау үшін қажетті бақылау әдістері мен өлшеу әдістемелеріне арналған ұлттық стандарттар әзірлеу мен бекіту	ИТЖМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), ҰҚП (келісім бойынша)	2014 жылғы желтоқсан	Ү д е м е л і индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген қаражат шегінде	Ресі бюл
64	Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне (оның ішінде өсімдік майларының болуына, консервіленген өнімдердің құрамдық бөліктерінің, гормондардың, ГТО-ның сәйкестігіне) зертханалық талдау жүргізе отырып, импорттық тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі (х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган) мен сапасына (техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган) мемлекеттік	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ИЖТМ (жинақтау), ТҚҚА, АШМ	2014 – 2015 жылдардағы қаңтар, шілде		

	қадағалауды (бақылауды) жүргізуді қамтамасыз ету				Талап етілмейді	
65	Халықтан жосықсыз өнім өндірушілер, тамақ өнімдерін өндірудегі, оны тасымалдаудағы, сақтау мен өткізудегі бұзушылық фактілері туралы ақпарат қабылдау мақсатында Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің жанындағы қоғамдық қабылдау бөлмелерінің қызметін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТҚҚА (жинақтау), И Ж Т М облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 – 2015 жылдардағы желтоқсан	Талап етілмейді	
66	Ішкі сауда объектілерінде сатып алушыларды сапасыз жасанды өнімдерді сатып алған кезде жүгінуге болатын қоғамдық қабылдау бөлімшелерінің болуы, сондай-ақ тамақ өнімдерін тиісінше емес жағдайларда өндіруді анықтау фактілері туралы хабардар ететін ақпараттық стенділерді орналастыруды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	
67	Халық жүгінген фактілер бойынша Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда объектілеріне бару жөніндегі іс-шараларды жүргізу. Қажет болған жағдайда сараптамалық бағалаулар мен зертханалық зерттеулер жүргізу	ТҚҚА-ге ақпарат	Белгіленген тәртіппен аккредиттелген тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер (келісім бойынша)	2014 – 2015 жылдардағы желтоқсан	Талап етілмейді	
68	Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін тамақ өнімдерін, оның ішінде импорттық өнімдерді анықтау фактілері бойынша ақпаратпен өзара алмасуды қамтамасыз ету.	Бірлескен бұйрық	ТҚҚА (жинақтау), А Ш М, Қаржымині	2014 жылғы шілде	Талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
- СІМ – Қазақстан Республикасы Сырқы істер министрлігі
- ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

БАА	– Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігі
СА	– Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
БҚА	– Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)
ТҚҚА	– Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	– «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
ЕЭК	– Еуразиялық экономикалық комиссия
ВАК	– Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
СРО	– сәйкестікті растау жөніндегі орган
СЗ	– сынақ зертханасы
АӨКЭСТО	– «Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҰКП	– Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
«ҚАИ» АҚ	– «Қазагроинновация» акционерлік қоғамы
«КАМ» АҚ	– «Қазагроменаркетинг» акционерлік қоғамы
«Ет-сүт одағы» ЗТБ	– «Қазақстанның ет-сүт одағы» қауымдастық нысанындағы жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бірлестігі
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
ҚҚС	– Қосылған құн салығы
ГТО	– гендік түрлендірілген организм

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта
өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту
жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға
арналған кешенді іс-шаралар жоспарына
1-қосымша

Терең өңдеуге жіберілетін сүт көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту

Р/с №	Облыстар	2012 жылы нақты өңделгені, мың тонна	Терең өңдеуге жіберілетін қосымша сүт көлемі, мың тонна	
			2014 жыл	2015 жыл
1	Ақмола	90,9	10,5	18,6
2	Ақтөбе	108,5	4,3	8,0
3	Алматы	191,2	23,5	44,0
4	Атырау	2,9	0,5	0,9
5	Шығыс Қазақстан	105,1	44,4	74,8
6	Жамбыл	46,2	14,5	28,2
7	Батыс Қазақстан	17,1	8,1	15,5
8	Қарағанды	132,1	14,4	38,3
9	Қостанай	185,6	33,4	53,2

10	Қызылорда	3,7	2,6	5,6
11	Маңғыстау	44,2	0,1	0,1
12	Павлодар	154,4	10,2	28,1
13	Солтүстік Қазақстан	146,9	29,8	65,5
14	Оңтүстік Қазақстан	117,7	10,1	19,8
15	Астана қ.	13,3	1,24	1,3
16	Алматы қ.	314,0	10	11
	Барлығы:	1 673,8	217,7	413,1

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына 2-қосымша

Терең өндеуге жіберілетін ет көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту

Р/с №	Облыстар	2012 жылы нақты өңделгені, мың тонна	Терең өндеуге жіберілетін қосымша ет көлемі, мың тонна	
			2014 жыл	2015 жыл
1	Ақмола	5,2	0,5	0,6
2	Ақтөбе	18,5	1,6	2,3
3	Алматы	66,1	6,2	8,3
4	Атырау	0,1	0,1	0,1
5	Шығыс Қазақстан	39,3	3,7	4,9
6	Жамбыл	11,7	1,1	1,5
7	Батыс Қазақстан	27,1	2,5	3,4
8	Қарағанды	24,9	2,3	3,1
9	Қостанай	13,2	1,2	1,7
10	Қызылорда	0,3	0,1	0,2
11	Маңғыстау	0,1	0,1	0,1
12	Павлодар	16,4	1,5	2,0
13	Солтүстік Қазақстан	10,9	1,0	1,4
14	Оңтүстік Қазақстан	15,6	1,5	1,9
15	Астана қ.	2,2	0,2	0,3
16	Алматы қ.	12,1	1,1	1,5
	Барлығы:	263,7	24,7	33,3

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту

жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға
арналған кешенді іс-шаралар жоспарына
3-қосымша

**Терең өңдеуге жіберілетін көкөніс дақылдарының көлемін
кезең-кезеңмен ұлғайту**

Р/с №	Областар	2012 жылы нақты өңделгені, мың тонна	Терең өңдеуге жіберілетін қосымша көкөніс дақылдарының көлемі, мың тонна	
			2014 жыл	2015 жыл
1	Ақмола	0,0	0	0
2	Ақтөбе	0,0	0	0
3	Алматы	11,9	1,8	2,2
4	Атырау	0,0	0,0	0,0
5	Шығыс Қазақстан	0,0	0	0
6	Жамбыл	0,2	0,1	0,1
7	Батыс Қазақстан	1,0	0,1	0,2
8	Қарағанды	0,0	0	0
9	Қызылорда	0,0	0,1	0
10	Қостанай	0,0	0	0
11	Маңғыстау	0,0	0,0	0,0
12	Павлодар	0,0	0,0	0,0
13	Солтүстік Қазақстан	0,0	0,0	0,0
14	Оңтүстік Қазақстан	19,8	3	3,7
15	Алматы қ.	47,2	7,1	8,8
	Барлығы:	80,1	12,2	15,0

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта
өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту
жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға
арналған кешенді іс-шаралар жоспарына
4-қосымша

**Терең өңдеуге жіберілетін жеміс-жидек дақылдарының көлемін
кезең-кезеңмен ұлғайту**

Р/с №	Облыстар	2012 жылы нақты өңделгені, мың тонна	Терең өңдеуге жіберілетін қосымша жеміс-жидек дақылдарының көлемі, мың тонна	
			2014 жыл	2015 жыл
1	Ақмола	0,0	0,0	0,0

2	Ақтөбе	0,3	0,05	0,07
3	Алматы	24,0	4,3	5,9
4	Атырау	0,0	0,0	0,0
5	Шығыс Қазақстан	0,0	0,0	0,0
6	Жамбыл	0,0	0,0	0,0
7	Батыс Қазақстан	0,0	0,0	0,0
8	Қарағанды	0,0	0,0	0,0
9	Қостанай	0,0	0,0	0,0
10	Қызылорда	8,6	1,5	2,1
11	Маңғыстау	0,00	0,0	0,0
12	Павлодар	0,3	0,1	0,1
13	Солтүстік Қазақстан	0,3	0,1	0,1
14	Оңтүстік Қазақстан	4,1	0,7	1,0
15	Алматы қ.	23,9	4,2	5,9
	Барлығы:	61,5	10,9	15,2

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына 5-қосымша

Республикада қант өндірісінің 2015 жылға дейінгі болжамы

Р/с №	Облыстар	2012 жылы қанттың нақты өндірілгені, мың тонна	Қант өндірісінің қосымша өсімі, мың тонна	
			2014	2015
1	Алматы облысы	32,1	0,8	2,1
2	Жамбыл облысы	136	7,9	12,8
	Барлығы:	168,1	8,7	14,9

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына 6-қосымша

Терең өңдеуге жіберілетін майлы дақылдардың көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту

--	--	--	--

Р/с №	Облыстар	2012 жылы нақты өңделгені, мың тонна	Терең өңдеуге жіберілетін қосымша майлы дақылдардың көлемі, мың тонна	
			2014 жыл	2015 жыл
1	Ақмола	4,0	1,0	1,0
2	Ақтөбе	64,6	15,0	18,0
3	Алматы	7,4	2,0	2,0
4	Шығыс Қазақстан	306,9	68,0	83,5
5	Жамбыл	3,8	1,0	1,0
6	Батыс Қазақстан	3,8	1,0	1,0
7	Қарағанды	0,0	0,2	0,5
8	Қызылорда	0,0	0,8	1,0
9	Қостанай	16,2	4,0	4,0
10	Павлодар	3,5	1,0	1,0
11	Солтүстік Қазақстан	43,7	10,0	12,0
12	Оңтүстік Қазақстан	115,0	26,0	32,0
13	Алматы қ.	95,8	22,0	27,0
	Барлығы:	664,7	152,0	184,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК